

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасасмай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

30.12.2025 қарай қалыптасқан деректер бойынша банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел¹ үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Өзгерістер	Мерзімсіз салымдар	Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер	Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер	Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер
▲	2 банк	3 банк	7 банк	5 банк
▼	-	-	-	-

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады



Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер – бұл қазақстандықтар арасында анағұрлым танымал депозит түрі. Бұл депозиттер өздерінің икемділігімен ерекшеленеді және оған кез келген уақытта үстінен қосымша ақша салуға және одан кез келген уақытта азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға болады.

Банктер	Қаңтар 2025	Желтоқсан 2025	Өзгерту
Банк 1	14,4	14,4	
Банк 2	14,8	15,5	▲0,70
Банк 3	14,5	14	▼-0,5
Банк 4	15	15,9	▲0,9
Банк 5	10	13	▲3,0
Банк 6	14	14,8	▲0,8
Банк 7	13,9	15,6	▲1,7
Банк 8	14,8	16	▲1,2
Банк 9	14,6	15,4	▲0,80
Банк 10	14,8	15,5	▲0,70
Банк 11	14,8	16	▲1,2
Банк 12	14,7	16,9	▲2,2
Банк 13	14	15	▲1,0
Банк 14	14	15	▲1,0
Банк 15	8,8	8,8	
Банк 16	5,72	5,72	
Банк 17	-	15,5	
Банк 18	-	15,6	
Орташа мөлшерлеме*	14,2	15,3	▲1,1


*Тріктемеге инфляциядан айтарлықтай төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілген жоқ

2025 жылы ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені наурызда айында 15,25%-дан 16,50%-ға, қазан айында 18,0%-ға көтерген шақта банк секторында мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер айтарлықтай өсті. Банктердің жыл басындағы және жыл аяғындағы ұсыныстарын салыстырып қарайтын болсақ, нарықтың осы сегментінің 12 қатысушысы талаптарды көтеру жағына қарай қайта қараған. Айталық, қаңтарда максималды мөлшерлеме 15,0%-ды, ал желтоқсанда 16,9%-ды құрады.

Жалпы нарық бойынша орташа мөлшерлеме 1,1 пайыздық тармақшаға (п.т.) артып, 15,3%-ға жетті. Сонымен қатар 2025 жылы нарықта жаңа 2 банк пайда болғандықтан, мерзімсіз салымдар ұсынатын банктердің саны 16-дан 18-ге көтерілді.

Желтоқсанда мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерді: бір ұсақ банк 0,5 п.т.-тан 16,0%-ға және бір орташа банк 0,2 п.т.-тан 15,9%-ға дейін көтерді.

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер³



² Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

³ Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды



Мерзімді депозиттер⁴

Мерзімді салым – бұл жинақ салымдар мен мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа деуге болады: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары мөлшерлеме ұсынылады және қаражатты басқаруда талаптары жинақ салымдармен салыстырғанда анағұрлым икемді.

Банктер	Қаңтар 2025					Желтоқсан 2025					Өзгерту				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам
Банк 1			13,5	7,0	8,0	19,0	18,3	15,8	12,0	10,0			▲ 2,3	▲ 5,0	▲ 2,0
Банк 2			11,9					14,9					▲ 3,0		
Банк 3	16,7	14,9	14,9			16,7	14,9	14,9							
Банк 4	13,8	16,4	13,5			15,9	18,2	16,0			▲ 2,1	▲ 1,8	▲ 2,5		
Банк 5						20,0									
Банк 6						14,9	15,8	15,5	13,4						
Банк 7						20,0	17,0	15,0							

2025 жылы мерзімді депозиттер сегменті өсті: банктердің саны 4-тен 7-ге, ал мерзімді депозиттердің көлемі 10 еседен астамға жоғарылады. Қаңтарда 3 айлық мерзім бойынша максималды мөлшерлеме 16,7% болса, жылдың соңына қарай максималды мөлшерлеме 20,0%-ды көрсетті – оны 3 айлық мерзім бойынша 2 банк ұсынуда, ал ең минималды мөлшерлеме – 24 айдан жоғары мерзімге 10,0%-ды құрап отыр.


2025 жылдың желтоқсанында келесі өзгерістер орын алды:

- ▲ 1 орташа банк 2 жаңа мерзімді қосты: мөлшерлемелері 19,0% және 18,3% болатын 3 және 6 ай, және келесі мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді ұлғайтты: сәйкесінше 12, 24 және 24 айдан жоғары мерзімдер бойынша 2,3 п.т., 5,0 п.т. және 2,0 п.т.-қа көтеріп, 15,8%, 12,0% және 10,0%-ға жеткізді;
- ▲ 2 ірі банк 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 2,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді.

Банктердің сайттарында үстінен қосымша ақша салуға болмайтын мерзімді депозиттерді ұсыну туралы ақпарат жоқ.

⁴ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттық талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер



Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл депозитке салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым түрі. Алынған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ депозиттерінің толықтыруға болатын және толықтыруға болмайтын түрлері бар.



Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

Банктер	Қаңтар 2025					Желтоқсан 2025					Өзгерту				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам
Банк 1		16,5	14,5	7,9	7,9	20,0	18,6	14,5	7,9	7,9		▲ 2,1			
Банк 2		16,0	13,5			18,0	19,0	15,0				▲ 3,0	▲ 1,5		
Банк 3	14,5	16,0	11,2			14,5	20,0	13,8				▲ 0,2	▲ 4,0		
Банк 4		16,0	13,5	7,2			16,0	15,6	7,2				▲ 2,1		
Банк 5	14,5	15,0	12,5	5,1		19,1	19,5	15,0	5,1		▲ 4,6	▲ 4,5	▲ 2,5		
Банк 6		16,5	13,4	7,2			17,7	14,5	8,2			▲ 1,2	▲ 1,1	▲ 0,1	
Банк 7	16,0	16,0	14,0	7,0	7,9	18,5	20,0	14,5	8,0	8,0	▲ 2,5	▲ 4,0	▲ 0,5	▲ 1,0	▲ 0,1
Банк 8	14,9	14,9	11,9	5,7		20,0	18,4	14,9	5,7		▲ 5,1	▲ 3,5	▲ 3,0		
Банк 9	14,3	15,5	16,1	10,5	9,4	14,4	15,6	16,1	10,5	9,4	▲ 0,1	▲ 0,1			
Банк 10						19,0	19,5								
Банк 11							16,7								


Бір жыл ішінде толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер сегментінің ауқымы кеңейді: депозиттердің көлемі 2 еседен астамға өсті, сегментке тағы екі

жаңа қатысушы келіп қосылды және желтоқсанға қарай мұндай салымдарды 11 банк қабылдайды. Жыл басында сегментте максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 16,5%-ды құрады, ал қазіргі уақытта 20,0%-дық деңгейге жетті. Мұндай мөлшерлемені 4 банк ұсынуда: екеуі 3 айлық мерзім бойынша және тағы екеуі 6 айлық мерзім бойынша. Сегментте минималды мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 5,1%-ды құрайды.

Желтоқсан айында 7 банк толықтыру құқығы бар жинақ салым бойынша мөлшерлемені көтерді және 1 банк жаңа мерзімді енгізді:

- ▲ 1 орташа банк – 3 айлық мерзім бойынша 2,1 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін;
- ▲ 1 орташа банк – 3 айлық мерзім бойынша 4,1 п.т.-қа көтеріп, 19,1%-ға дейін және 6 айлық мерзім бойынша 2,5 п.т.-қа көтеріп, 19,5%-ға дейін;
- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа көтеріп, 18,5%-ға дейін және 6 айлық мерзім бойынша 2,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін;
- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемесін 1,0 п.т.-қа көтеріп, 19,0%-ға және 6 айлық мерзім бойынша 2,0 п.т.-қа көтеріп, 19,5%-ға дейін;
- ▲ 1 ұсақ банк – 6 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа көтеріп, 19,0%-ға және 12 айлық мерзім бойынша 1,5 п.т.-қа көтеріп, 15,0%-ға дейін;
- ▲ 1 ұсақ банк – 6 айлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемесін 3,8 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін;
- ▲ 1 орташа банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 2,1 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін жеткізді.
- ▲ 1 орташа банк – 20,0% мөлшерлеменен жаңа 3 ай мерзімін енгізді.

3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымы бойынша мөлшерлеме





Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

Банктер	Қаңтар 2025					Желтоқсан 2025					Өзгерту				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам
Банк 1	17,0	18,0	15,7	11,3	11,3	19,0	19,0	15,7	11,3	11,3	▲2,0	▲1,0			
Банк 2	17,2	16,1	14,9			20,0	18,4	14,9			▲2,8	▲2,3			
Банк 3		17,5	16,5	15,0			20,0	17,0	15,0			▲2,5	▲0,5		
Банк 4	16,8	17,2	13,6	11,2	10,5	18,0	18,5	16,0	11,2	10,5	▲1,2	▲1,3	▲2,4		
Банк 5	16,7	17,5	15,5	12,0	10,0	19,0	18,3	15,8	12,0	10,0	▲2,3	▲0,8	▲0,3		
Банк 6	17,5	17,0	15,9	12,2	6,4	18,5	20,0	16,0	12,2	6,4	▲1,0	▲3,0	▲0,1		
Банк 7	17,0	17,5	15,7	11,3	6,4	18,5	19,8	16,9	12,4	7,4	▲1,5	▲2,3	▲1,2	▲1,1	▲1,0
Банк 8		17,0	15,0	12,9		18,0	17,5	15,0	12,9			▲0,5			
Банк 9	16,1	17,2	17,6	11,6	10,5	16,1	17,3	17,6	11,6	10,5		▲0,1			
Банк 10	16,0	17,3	15,7	12,2		20,0	18,0	15,7	12,2		▲4,0	▲0,7			
Банк 11	17,0	18,5	16,5	13,1	6,3	18,1	19,4	17,0	15,0	6,3	▲1,1	▲0,9	▲0,5	▲1,9	
Банк 12						17,9	18,2								
Банк 13						20,0	20,5	15,9	13,0						
Банк 14						18,3	20,0	16,0							


Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегментінде бір жыл ішінде 3 жаңа банк пайда болды. Осылайша қатысушы банктердің саны 14-ке жетті, ал депозиттердің көлемі 1,5 есеге артты. Жыл басында максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 18,5%-ды, ал желтоқсан айында 20,5%-ды құрады. Оны бір ұсақ банк ұсынуда. Тағы 6 банк салым бойынша 20,0% ұсынуда (мұндай ұсыныс 3 банк тарапынан 3 айлық мерзім бойынша және тағы 3 банк тарапынан 6 айлық мерзім бойынша түсуде).

Жыл барысында минималды мөлшерлеме өзгерген жоқ және әлі де сол 24 айдан жоғары мерзім бойынша 6,3%-ды құрайды.

2025 жылдың желтоқсанында 5 банк мөлшерлемелерді жоғарылатты:

- ▲ 2 орташа банк – 3 айлық мерзім бойынша 1,5 п.т.-қа және 2,0 п.т.-қа көтерді, сәйкесінше екі жағдайда да сыйақы мөлшерлемесі 20,0%-ға дейін өсті;
- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа көтеріп, 18,5%-ға дейін және 6 айлық мерзім бойынша 1,5 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін;
- ▲ 1 ұсақ банк – 6 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін жеткізді және жылдық сыйақысы 16,0% болатын 12 айлық жаңа мерзімді енгізді;
- ▲ 1 ұсақ банк – 3 айлық мерзім бойынша 2,8 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға дейін және 6 айлық мерзім бойынша 2,5 п.т.-қа көтеріп, 20,5%-ға дейін жеткізді.

4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер


Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Мөлшерлеменің өзгеруі әдетте белгілі бір базалық көрсеткішке, мысалы, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне немесе инфляция деңгейіне байланыстырылады. Пайыздық спредтің шамасын банк клиентпен шарт жасасу барысында бекітеді және салымның мерзімін ұзарту кезінде пайыздық спредтің мөлшерін ұлғайтатын жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді.

Банкт ер	Қаңтар 2025					Желтоқсан 2025					Өзгерту				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	24 айдан астам
Банк 1			15,0				17,0	15,9					▲ 0,9		
Банк 2								15,9							

Қаңтарда тек бір ғана банк мөлшерлемесі құбылмалы екі депозиттік өнім ұсынды. Екеуінің де сыйақы мөлшерлемесі бірдей – 15,0%. Қазіргі сәтте нарықтың екі қатысушысы сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер қабылдайды. Мерзімі мен сыйақысы бірдей: 12 айға 15,9% (спред -3,25 п.т.).

2025 жылдың желтоқсан айында банктердің бірі депозиттер қатарын кеңейтті: мерзімі 6 айлық депозит енгізіліп, мөлшерлемесі 17,0% болып бекітілді (спред -2,5 п.т.)

5-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



Тұжырымдар

Банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша мынадай тұжырым жасауға болады: 2025 жылдың барысында мөлшерлемелер ақша-кредит саясаты параметрлерінің өзгеруі аясында көтерілді.

Мөлшерлемелерді көтерудің алғашқы толқыны базалық мөлшерлеме 15,25%-дан 16,50%-ға көтерілген соң, 2025 жылдың наурыз-сәуірінде орын алды. Сонда банктер негізінен мерзімсіз депозиттердің табыстылығын арттырды. Өйткені бұл депозиттер кез келген уақытта ақша салуға және кез келген уақытта ақша алуға мүмкіндік беретін икемділігінің арқасында салымшылар арасында өте танымал. Көтерудің екінші толқыны қазан айында басталды. Бұл кезде базалық мөлшерлеме 16,50%-дан 18,0%-ға дейін көтерілген еді. Екінші толқын әрі қарай, қараша-желтоқсан айларында жалғасты. Мөлшерлемелер әсіресе мерзімді және жинақ салымдар сегментінде жиі және елеулі түрде қайта қаралып жатты – банктер салымдардың осы түрлері бойынша көтеріңкі табыс ұсынуға дайын болды. Мерзімсіз салымдармен салыстырғанда мерзімді және жинақ депозиттер бойынша толықтыру және мерзімінен бұрын алу жағына келгенде шектеулер қарастырылған. Бұл банктерге тұрақты қаржы қорын қалыптастыруға және пайыздық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы депозиттік мөлшерлемелер жыл бойы өсіп жатты: егер 2025 жылдың қаңтар айында нарықта максималды мөлшерлеме толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар сегментінде 6 айлық мерзім бойынша 18,5%-ды құраса, желтоқсан айына қарай, сол сегментте сол мерзім бойынша максималды ықтимал мөлшерлеме 20,5%-ға жетті. Жыл соңына қарай 11 банк мерзімді және жинақ салымдар бойынша қысқа мерзімдерге 20,0% ұсынуда.

Мөлшерлемелердің өуімен бірге банктер халықтың қаражатын тарту бойынша ішкі саясаты аясында белсенділік танытты. Бұл депозиттердің табыстылық деңгейінде ғана емес, сонымен қатар депозиттік өнімдер қатарын кеңейтуде және жекелеген мерзімдер бойынша әртүрлі талаптар ұсынумен де көрініс тапты.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.